

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар  
министрлігі «Қазгидромет» РМҚ Жамбыл облысы бойынша  
филиалы



**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ  
ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ  
БЮЛЛЕТЕНІ**

Тамыз 2024 жыл

Тараз  
2024 ж.

	<b>МАЗМҰНЫ</b>	<b>Бет</b>
	<b>Алғы сөз</b>	3
<b>1</b>	Атмосфералық ауа ластануының негізгі көздері	4
<b>2</b>	Тараз қ. атмосфералық ауа сапасының бақылау нәтижелері	4
<b>2.1</b>	Жаңатас қ. атмосфералық ауа сапасының бақылау нәтижелері	6
<b>2.2</b>	Қаратау қ. атмосфералық ауа сапасының бақылау нәтижелері	7
<b>2.3</b>	Шу қ. атмосфералық ауа сапасының бақылау нәтижелері	8
<b>2.4</b>	Қордай а. атмосфералық ауа сапасының бақылау нәтижелері	10
<b>3</b>	Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі	11
<b>4</b>	Жер үсті сулары сапасының жай-күйі	11
<b>5</b>	Жамбыл облысының радиациялық жағдайы	12
	<b>1 Қосымша</b>	13
	<b>2 Қосымша</b>	15
	<b>3 Қосымша</b>	16

## Алғы сөз

Ақпараттық бюллетень ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісіне қоршаған орта жай-күйіне экологиялық мониторинг жүргізу жөнінде «Қазгидромет» РМК арнайы бөлімшелерімен орындалатын жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень Жамбыл облысы аумағында қоршаған ортаның жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, қоғам мен халықты ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінің өзгеруі болған тенденциясының есебінен ҚР қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

## Жамбыл облысының атмосфералық ауа сапасына бағалау

### 1. Атмосфералық ауа ластануының негізгі көздері

Жамбыл облысы статистика департаментінің мәліметтеріне сәйкес, Жамбыл облысы бойынша стационарлық көздерден ластаушы заттардың нақты жалпы шығарындылары 52,9 мың тоннаны құрайды. Тараз қаласы бойынша стационарлық көздерден ластаушы заттардың нақты жалпы шығарындылары 28,5 мың тоннаны құрайды.

Жамбыл облысында тіркелген автокөлік саны 271 483 бірлікті құрайды, оның ішінде жеңіл автомобильдер саны 242 295, жүк автомобильдері 23 700, автобустар саны 5 488 бірлік.

Статистика департаментінің мәліметінше жеке тұрғын үйлер саны: Тараз қаласында 36 474; Жаңатас қаласы бойынша 1439; Қаратау қаласында 3 185; Шу қаласында 6 650 жеке тұрғын үйлер бар. Қалалық елді мекендерде газбен қамтылған жалпы ауданның үлесі 99,8%, сумен қамтылуы 100% құрайды, ауылдық елді мекендерде газбен қамту 99,7%, сумен қамту 99,6 пайызды құрайды.

### 2. Тараз қаласы атмосфералық ауа сапасына бақылау

Тараз қаласы атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 бақылау бекеттерінде, соның ішінде 4 қол күшімен алынатын бекеттерде және 1 автоматтық станцияда жүргізіледі (1 Қосымша).

Жалпы қала бойынша ластану 13 көрсеткішке дейін анықталады:

1) қалқыма бөлшектер (шаң) 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді; 6) фторлы сутек; 7) формальдегид; 8) күкіртсутек; 9) бенз(а)пирен; 10) марганец; 11) қорғасын; 12) кобальт; 13) кадмий.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасу орны мен бекеттерде анықталатын көрсеткіштер тізімі туралы ақпарат көрсетілген.

1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	қол күшімен алынған сынама	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фторлы сутек, формальдегид, бенз(а)пирен, қорғасын, марганец, кадмий, кобальт.
2		Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	
3		Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	
4		Абай даңғылы мен Байзақ батыр көшесінің қиылысы	
6	үзіліссіз режимде, әр 20 минут сайын	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртсутек

**2024 жылдың тамыз айына Тараз қаласы атмосфералық ауа сапасының бақылау нәтижелері.**

**Атмосфералық ауа сапасы.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша Тараз қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып

бағаланды, ол СИ=2,0 (көтеріңкі) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі) көміртегі оксиді бойынша №6 бекет аумағында (Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы) анықталды. Атмосфералық ауаның ластануына негізінен көміртегі оксиді (шілде айында ШЖШ-дан асу саны: 26 жағдай) үлес қосты.

Максималды бір реттік шоғырлар бойынша көміртегі оксиді 2,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фторлы сутек 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, атмосфералық ауадағы басқа ластанушы заттар мен ауыр металдар шоғыры ШЖШ-дан аспады. Орташа тәуліктік шоғырлардың нормадан асуы азот диоксиді (1,8 ШЖШ<sub>о.т.</sub>) бойынша байқалды.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ-дан аса) и ЭЖЛ (50 ШЖШ-дан аса) анықталмады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және асу жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.


2-кесте

### Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ <sub>м.б.</sub> жағдайларының саны			
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ <sub>о.т.</sub> асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ <sub>м.б.</sub> еселігі		%	> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
								оның ішінде	
<b>Тараз қаласы</b>									
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,128	0,85	0,30	0,60	0,00	0	0	0	
Күкірт диоксиді	0,024	0,48	0,441	0,88	0,00	0	0	0	
Көміртегі оксиді	0,995	0,33	9,81	1,96	1,02	26	0	0	
Азот диоксиді	0,07	1,77	0,18	0,90	0,00	0	0	0	
Азот оксиді	0,04	0,67	0,12	0,30	0,00	0	0	0	
Фторлы сутек	0,003	0,52	0,020	1,00	0,00	0	0	0	
Формальдегид	0,006	0,63	0,018	0,36	0,00	0	0	0	
Күкіртсутек	0,0003		0,0004	0,05	0,00	0	0	0	
Бенз(а)пирен	0,0002	0,20	0,0005						
Қорғасын	0,000009	0,029	0,000013						
Марганец	0,000053	0,053	0,000072						
Кобальт	0	0	0						
Кадмий	0	0	0						

### Қорытынды:

Соңғы бес жылда атмосфералық ауаның ластану деңгейі тамыз айында келесідей болып өзгерді:



Графиктен көріп отырғанымыздай, атмосфералық ауаның ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланып, 2020 жылы төмен деңгейді көрсетті.

Максималды бір реттік шоғырлар саны бойынша көміртегі оксиді (26 жағдай) болып анықталды. Орташа тәуліктік шоғырлардың нормадан асуы азот диоксиді бойынша байқалды.

Азот диоксидінің орташа тәуліктік көрсеткіштерінің артуы қаланың жүктелген қиылыстарында автокөлік ауасының ластануына елеулі үлес қосқандығын және осы ластаушы заттың қала атмосферасында тұрақты жинақталғандығын айғақтайды. Көміртегі оксидімен ластанудың негізгі көздері- автокөлік және қатты отынды жағу.

### **Метеорологиялық жағдай**

Тамыз айында ауа-райы барикалық түзілімдердің жиі өзгеруімен анықталды. Негізінен ауа-райы ашық, жауын-шашынсыз болды. Таулы аймақтарда қысқа мерзімді жаңбыр, найзағай, қатты жел байқалды. Облыстың көп бөлігінде 5 класты төтенше өрт қауіпі байқалды. Тамыз айында облыстың солтүстік аймақтарында 1-ші онкүндіктің соңында 43 градусқа дейін күннің ысуы байқалып, облыс аумағының көп бөлігінде жауын-шашынның түсуі нормадан аз болды. Ал оңтүстік-батысы мен солтүстік-шығысында жауын шашынның нормадан көп түсуі байқалды. Жалпы мөлшері 48% құрады. Тамыз айында ҚМЖ-мен (қолайсыз метеожағдайлар) күндері тіркелмеген.

#### **2.1 Жаңатас қаласы атмосфералық ауа сапасына бақылау**

Жаңатас қаласы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 автоматтық станцияда жүргізіледі (1 Қосымша).

Жалпы қала бойынша ластану 5 көрсеткішке дейін анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді, 4) азот оксиді, 5) аммиак.

3-кестеде бақылау бекеттерінің орналасу орны мен бекеттерде анықталатын көрсеткіштер тізімі туралы ақпарат көрсетілген.

3-кесте

#### **Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар**

<b>№</b>	<b>Бақылау жүргізу</b>	<b>Бекет мекен-жайы</b>	<b>Анықталатын қоспалар</b>
<b>1</b>	үзіліссіз режимде, әр 20 минут сайын	есептік квартал 001 № 18	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак.

#### **2024 жылдың тамыз айына Жаңатас қаласы атмосфералық ауа сапасының бақылау нәтижелері.**

Бақылау желісі бойынша Жаңатас қаласы ауасының ластану деңгейі төмен деп бағаланып, ол азот диоксиді бойынша СИ=0,4 (төмен) және ЕЖҚ=0% (төмен) болып анықталды.

Орташа шоғырлар азот диоксиді бойынша 1,3 ШЖШ<sub>от.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады. Максималды бір-реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ-дан аса) и ЭЖЛ (50 ШЖШ-дан аса) анықталмады.


Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және асу жағдайларының саны 4-кестеде көрсетілген.

**Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы**

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ о.т.асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ м.б. асу еселігі		%	>	>5
					ШЖШ		ШЖШ	ШЖШ
<b>Жаңатас қаласы</b>								
Күкірт диоксиді	0,017	0,34	0,021	0,04	0,0	0	0	0
Көміртегі оксиді	0,326	0,11	0,766	0,15	0,0	0	0	0
Азот диоксиді	0,053	1,32	0,079	0,40	0,0	0	0	0
Азот оксиді	0,013	0,22	0,014	0,04	0,0	0	0	0
Аммиак	0,016	0,40	0,029	0,14	0,0	0	0	0

**Қорытынды:**

Соңғы бес жылда атмосфералық ауаның ластану деңгейі тамыз айында келесідей болып өзгерді:



Графиктен көріп отырғанымыздай, атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен болып бағаланып, 2020 жылы көтеріңкі деңгейді көрсетті.

**2.2 Қаратау қаласы атмосфералық ауа сапасына бақылау**

Қаратау қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 автоматтық станцияда жүргізіледі (1 қосымша).

Жалпы қала аусының ластануы 3 көрсеткіш бойынша анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді, 3) күкіртсутек.

5-кестеде бақылау бекеттерінің орналасу орны мен бекеттерде анықталатын көрсеткіштер тізімі туралы ақпарат көрсетілген.

**Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар**

№	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	үзіліссіз режимде, әр 20 минут сайын	Тамды әулие көшесі, №130	күкірт диоксиді, күкіртсутек, көміртегі оксиді

**2024 жылдың тамыз айындағы Қаратау қаласы атмосфералық ауа сапасының бақылау нәтижелері.**

2024 жылдың тамыз айына Қаратау қаласының атмосфералық ауа сапасының ең жоғары жиілігі бойынша "көтеріңкі" деңгейде, (ЕЖҚ=7%); стандартты индекс бойынша ластануы "төмен" (СИ=1,2) деңгейде бағаланды.

Атмосфералық ауаның ластануына негізінен күкіртсутек (тамыз айында ШЖШ-дан асу саны: 158 жағдай) үлес қосты.

Максималды-бір реттік шоғырлар күкіртеутегі бойынша 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, атмосфералық ауадағы басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады. Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ-дан аса) и ЭЖЛ (50 ШЖШ-дан аса) анықталмады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және асу жағдайларының саны 6-кестеде көрсетілген.


6-кесте

### Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ о.т.асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ м.б.асу еселігі		%	> ШЖШ	>5 ШЖШ
					оның ішінде			
<b>Қаратау қаласы</b>								
Күкірт диоксиді	0,041	0,82	0,054	0,11	0,00	0	0	0
Көміртегі оксиді	0,005	0,002	0,078	0,02	0,00	0	0	0
Күкіртсутек	0,005		0,010	1,23	7,08	158	0	0

Қорытынды:

Соңғы бес жылда атмосфералық ауаның ластану деңгейі тамыз айында келесідей болып өзгерді:



Графиктен көріп отырғанымыздай 2021, 2022, 2023 жылдары атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен болып бағаланса, 2020, 2024 жылдары көтеріңкі деңгейді көрсетті.

Күкіртсутегімен ластануы адамдармен жануарлардың тіршілік әрекетінің қалдықтарының бактериялық ыдырауы кезінде пайда болатын және тазарту қондырғылары мен полигондардың шығарындыларында, ақуыздардың ыдырауы кезінде және коллекторлар мен кәріздердегі газ қоспасынан болатын табиғи құбылыс және жертөлелерде жинақталуы мүмкін.

### 2.3 Шу қаласы атмосфералық ауа сапасына бақылау

Шу қаласы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 автоматтық станцияда жүргізіледі (1 қосымша).



Жалпы қала бойынша ластану 6 көрсеткішке дейін анықталады: 1) РМ 2,5 қалқыма бөлшектері; 2) РМ 10 қалқыма бөлшектері; 3) күкірт диоксиді; 4) көміртегі оксиді; 5) озон (жербеті), 6) күкіртсутек.

7-кестеде бақылау бекеттерінің орналасу орны мен бекеттерде анықталатын көрсеткіштер тізімі туралы ақпарат көрсетілген.

7-кесте

**Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар**

№	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	үзіліссіз режимде, әр 20 минут сайын	Шу қалалық ауруханасының маңында	РМ 2,5 қалқыма бөлшектері, РМ 10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкіртсутек

**2024 жылдың тамыз айындағы Шу қаласы атмосфералық ауа сапасының бақылау нәтижелері.**

2024 жылдың тамыз айына Шу қаласының атмосфералық ауа сапасының ең жоғары жиілігі бойынша "көтеріңкі" деңгейде, (ЕЖҚ=1%); стандартты индекс бойынша ластануы "төмен" (СИ=1,2) деңгейде бағаланды. Атмосфералық ауаның ластануына негізінен күкіртсутек (тамыз айында ШЖШ-дан асу саны: 20 жағдай) үлес қосты.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады. Максималды-бір реттік шоғырлар күкіртсутегі бойынша 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, атмосфералық ауадағы басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ-дан аса) и ЭЖЛ (50 ШЖШ-дан аса) анықталмады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және асу жағдайларының саны 8-кестеде көрсетілген.


8-кесте

**Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы**

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ %	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м3	ШЖШ о.т.асу еселігі	мг/м3	ШЖШ м.б.асу еселігі		> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ оның ішінде
<b>Шу қаласы</b>								
РМ 2,5 қалқыма бөлшектері	0,0014	0,04	0,002	0,011	0,0	0	0	0
РМ 10 қалқыма бөлшектері	0,0011	0,02	0,001	0,005	0,0	0	0	0
Күкірт диоксиді	0,014	0,29	0,055	0,11	0,0	0	0	0
Көміртегі оксиді	0,265	0,09	3,645	0,73	0,0	0	0	0
Озон (жербеті)	0,03	0,93	0,03	0,19	0,0	0	0	0
Күкіртсутек	0,001		0,009	1,16	0,90	20	0	0

**Қорытынды:**

Соңғы бес жылда атмосфералық ауаның ластану деңгейі тамыз айында келесідей болып өзгерді:



Графиктен көріп отырғанымыздай, атмосфералық ауаның ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланып, 2020 жылы төмен деңгейді көрсетті.

Күкіртсутегімен ластануы адамдармен жануарлардың тіршілік әрекетінің қалдықтарының бактериялық ыдырауы кезінде пайда болатын және тазарту қондырғылары мен полигондардың шығарындыларында, ақуыздардың ыдырауы кезінде және коллекторлар мен кәріздердегі газ қоспасынан болатын табиғи құбылыс және жертөлелерде жинақталуы мүмкін.

#### 2.4 Қордай кенті атмосфералық ауа сапасының бақылау нәтижелері.

Қордай кенті аумағында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 автоматтық станцияда жүргізіледі (1- қосымша).

Жалпы кент бойынша ластану 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) көміртегі оксиді; 2) күкірт диоксиді, 3) озон (жербеті), 4) күкіртсутек.

9-кестеде бақылау бекеттерінің орналасу орны мен бекеттерде анықталатын көрсеткіштер тізімі туралы ақпарат көрсетілген.

9-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	үзіліссіз режимде, әр 20 минут сайын	Жібек жолы көшесі, №496«А»	көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртсутек

#### 2024 жылдың тамыз айындағы Қордай а. атмосфералық ауа сапасының бақылау нәтижелері.

2024 жылдың тамыз айына Қордай а. атмосфералық ауа сапасының ең жоғары жиілігі бойынша "көтеріңкі" деңгейде, (ЕЖҚ=2%); стандартты индекс бойынша ластануы "төмен" (СИ=1,2) деңгейде бағаланды. Атмосфералық ауаның ластануына негізінен күкіртсутек (тамыз айында ШЖШ-дан асу саны: 47 жағдай) үлес қосты.

Орташа шоғырлар озон (жербеті) бойынша 1,6 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады. Максималды-бір реттік шоғырлар күкіртсутегі бойынша 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, озон (жербеті) 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, атмосфералық ауадағы басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ-дан аса) и ЭЖЛ (50 ШЖШ-дан аса) анықталмады.


Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және асу жағдайларының саны 10-кестеде көрсетілген.

#### Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м3	ШЖШ о.т.асу еселігі	мг/м3	ШЖШ м.б.асу еселігі		%	> ШЖШ	>5 ШЖШ
					оның ішінде			
<b>Қордай а.</b>								
Күкірт диоксиді	0,017	0,34	0,021	0,04	0,00	0	0	0
Көміртегі оксиді	0,385	0,13	0,80	0,16	0,00	0	0	0
Озон (жербеті)	0,05	1,58	0,18	1,14	0,31	7	0	0
Күкіртсутек	0,005		0,010	1,21	2,11	47	0	0

Қорытынды:

Соңғы бес жылдың тамыз айында атмосфералық ауаның ластану деңгейі келесідей болып өзгерді:



Графиктен көріп отырғанымыздай 2020, 2021, 2022 жылдары атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен болып бағаланса, 2023, 2024 жылдары көтеріңкі деңгейді көрсетті.

### 3. Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Қаратау, Тараз, Төле би) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 39,79%, сульфаттар 19,31%, кальций иондары 13,45%, хлоридтер 10,81% басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Қаратау МС 56,97 мг/л, ең азы Тараз МС 44,41 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 76,9 мкСм/см-ден (Тараз МС) 81,5 мкСм/см (Төле би МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын сынамаларындағы қышқылдық сілтiсi нейтралды сипатта болып 6,7(Тараз МС) 6,9 (Төле би МС) аралығында өзгерді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан аспады.

### 4. Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасының жай-күйі

Жамбыл облысы бойынша жер үсті суларының сапасына бақылау 7 су объектісінің (Талас, Аса, Шу, Ақсу, Қарабалта өзендері, Билікөл көлі және Тасөткел су қоймасы) 12 тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының 36 физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *көзбен шолу, су шығыны, су температурасы, сутегі көрсеткіші, мөлдірлігі, еріген оттегі, қалқыма заттар, ОБТ<sub>5</sub>, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді заттар, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.*

**Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторинг нәтижелері.**

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

11-кесте

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Параметрлері	өлш. бірлік	Концентрация
	Тамыз 2023 жыл	Тамыз 2024 жыл			
Талас өзені	нормаланбайды (>5 класс)	4 класс	ОХТ	мг/дм <sup>3</sup>	30,55
Аса өзені	3 класс	2 класс	ОХТ	мг/дм <sup>3</sup>	26,4
			Қорғасын	мг/дм <sup>3</sup>	0,026
Шу өзені	4 класс	3 класс	Магний	мг/дм <sup>3</sup>	21,6
Ақсу өзені	4 класс	4 класс	Магний	мг/дм <sup>3</sup>	47,0
Қарабалта өзені	5 класс	5 класс	Сульфаттар	мг/дм <sup>3</sup>	970,0
Тасөткел су қоймасы	нормаланбайды (>5 класс)	4 класс	Магний	мг/дм <sup>3</sup>	30,9

\* - бұл кластағы заттар нормаланбайды

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2023 жылдың тамыз айымен салыстырғанда Талас өзенінің және Тасөткел су қоймасының су сапасы 5-тен жоғары кластан 4-ші класқа, Аса өзенінің су сапасы 3-ші кластан 2-ші класқа, Шу өзенінің су сапасы 4-ші кластан 3-ші класқа ауысып жер үсті су сапасы – жақсарған;

Ақсу және Қарабалта өзендері бойынша жер үсті су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Жамбыл облысы су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар магний, сульфаттар, ОХТ және қорғасын болып табылады.

Жамбыл облысы бойынша жоғары(ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

Су объектілері тұстамаларындағы сапа бойынша ақпарат 2-қосымшада көрсетілген.

3-қосымшада Билікөл көлінің жер үсті су сапасының нәтижелері бойынша ақпарат.

### 5. Жамбыл облысының радиациялық жағдайы


Жердегі гамма-сәулелену деңгейіне бақылаулар күн сайын 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізіледі.

Аймақтың елді мекендерінде атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық фонының мәндері 0,07-0,25 мкЗв / сағ аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,17 мкЗв/сағ.


Жамбыл облысы аумағында атмосфераның жер беті радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) горизонтальді планшеттер алу бес тәуліктік сынама жолымен жүзеге асырылды.

Облыс аумағында атмосфераның жер беті қабатындағы радиоактивті түсулердің тығыздығы 1,3-2,2 Бк/м<sup>2</sup> шегінде ауытқып отырды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,8 Бк / м<sup>2</sup> құрады.


## 1 Қосымша




1-сурет. Тараз қаласының бақылау бекеттері мен метеостанциясының орналасу сызбасы




2-сурет. Жаңатас қаласының бақылау бекеті мен метеостанциясының орналасу сызбасы



3-сурет. Қаратау қаласының бақылау бекеті мен метеостанциясының орналасу сызбасы



4-сурет. Шу қаласының бақылау бекетінің орналасу сызбасы



5- сурет- Қордай к. бақылау бекетінің орналасу сызбасы

## 2 Қосымша

### Жамбыл облысы жер үсті су сапасының тұстамалар бойынша ақпараты

Су объектісі және тұстама	Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы	
<b>Талас өзені</b>	Су температурасы 17,0– 29,0°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,40 – 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры 7,18 – 9,89 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ <sub>5</sub> 1,43 – 3,65 мгО/дм <sup>3</sup> , мөлдірлігі 7 – 10см құрады.	
Жасөркен а., Жасоркен а. 0,7 км жоғары, су бекеті тұстамасында	нормаланбайды (>5 кл)	қалқыма заттар – 60,0 мг/дм <sup>3</sup> . Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Солнечный к., гидро бекеттен 0,5 км төмен	4 класс	Магний – 33,4 мг/дм <sup>3</sup> , ОХТ – 34,9 мг/дм <sup>3</sup> , қорғасын – 0,032 мг/дм <sup>3</sup> . Оттегіні химиялық тұтыну, қорғасын және магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Тараз қ., Тараз қ. 7,5 км жоғары, МАЭС тұстамасынан 0,7км выше жоғары, су бекетінен 3,0 км жоғары	4 класс	Магний – 32,7 мг/дм <sup>3</sup> , қорғасын – 0,033 мг/дм <sup>3</sup> . Қорғасын және магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен	4 класс	ОХТ – 31,8 мг/дм <sup>3</sup> . Оттегіні химиялық тұтыну нақты концентарциясы фондық кластан асады.
<b>Аса өзені</b>	Су температурасы 24,0 – 27,0°С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,05 – 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры 7,12 – 8,03 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ <sub>5</sub> 1,83 – 2,00 мгО/дм <sup>3</sup> , мөлдірлігі 11 см құрады.	
Шөлдала шағын ауданы (көпір үсті), Құмшағал а/о.	4 класс	ОХТ – 32,5 мг/дм <sup>3</sup> .
Аса к., Аса к. 500 м төмен	2 класс	ОХТ – 20,3 мг/дм <sup>3</sup> , қорғасын – 0,026 мг/дм <sup>3</sup> . Қорғасын нақты концентрациясы фондық кластан асады. Оттегіні химиялық тұтыну нақты концентарциясы фондық кластан аспайды.
<b>Білікөл көлі</b>	Су температурасы – 27,0°С, сутегі көрсеткіші – 8,30, суда еріген оттегінің шоғыры – 6,46 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ <sub>5</sub> – 11,5 мг/дм <sup>3</sup> , ОХТ – 52,5, мг/дм <sup>3</sup> , қалқыма заттар – 46,0 мг/дм <sup>3</sup> , минерализация – 1648 мг/дм <sup>3</sup> , құрғақ қалдық – 1655 мг/дм <sup>3</sup> , мөлдірлігі – 11 см құрады.	
<b>Шу өзені</b>	Су температурасы 18,0 – 24,0°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,80– 7,85, суда еріген оттегінің шоғыры 8,34 – 8,99 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ <sub>5</sub> 2,44 – 3,10 мгО/дм <sup>3</sup> , мөлдірлігі 9 см құрады.	
Кайнар а. (Благовещенское а.), Кайнар а. 0,5 км төмен: су бекетінен 65 м. төмен	3 класс	Магний – 23,2 мг/дм <sup>3</sup> . Магнийдің нақты концентарциясы фондық кластан асады.

Д.Қонаев а. 0,5 км төмен	4 класс	Қорғасын – 0,031 мг/дм <sup>3</sup> . Қорғасынның нақты концентрациясы фондық кластан асады.
<b>Ақсу өзені</b>		Су температурасы – 27,6°С, сутегі көрсеткіші – 8,25, суда еріген оттегінің шоғыры – 7,73 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ <sub>5</sub> – 2,42 мгО/дм <sup>3</sup> , мөлдірлігі – 3 см құрады.
Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км	4 класс	Магний – 47,0 мг/дм <sup>3</sup> . Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады
<b>Қарабалта өзені</b>		Су температурасы – 24,8°С, сутегі көрсеткіші – 7,85, суда еріген оттегінің шоғыры – 8,09 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ <sub>5</sub> – 2,56 мгО/дм <sup>3</sup> , мөлдірлігі 6 см құрады.
Баласағұн к. Қырғызстанмен шекаралас, өзен сағасынан 29 км	5 класс	Сульфаттар – 970,0 мг/дм <sup>3</sup> . Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.
<b>Тасөткел су қоймасы</b>		Су температурасы – 26,0°С, сутегі көрсеткіші – 8,20, суда еріген оттегінің шоғыры – 8,03 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ <sub>5</sub> – 1,96 мг/дм <sup>3</sup> , су мөлдірлігі – 6 см құрады.
Тасөткел а., Тасөткел стансасынан оңтүстікке қарай 2,5 км, су қойма бөгенінен (оңтүстік-шығысқа) 0,5 км жоғары	4 класс	Магний – 30,9 мг/дм <sup>3</sup> . Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады

### 3 Қосымша

#### Жамбыл облысының аумағындағы көлдердің жер үсті сулары сапасының нәтижелері

№	Ингредиентердің атауы	Өлшем бірлігі	2024 жылдың тамыз айына
			Билікөл көлі бойынша
1	Көзбен шолу		таза
2	Температура	°С	27,0
3	Сутегі көрсеткіші		8,30
4	Еріген оттегі	мг/дм <sup>3</sup>	6,46
5	Мөлдірлігі	см	11
6	ОБТ <sub>5</sub>	мгО/дм <sup>3</sup>	11,5
7	ОХТ	мг/дм <sup>3</sup>	52,5
8	Қалқыма заттар	мг/дм <sup>3</sup>	46,0
9	Гидрокарбонаттар	мг/дм <sup>3</sup>	336
10	Керметтік	мг/дм <sup>3</sup>	11,1
11	Минерализация	мг/дм <sup>3</sup>	1648
12	Натрий + калий	мг/дм <sup>3</sup>	322
13	Құрғақ қалдық	мг/дм <sup>3</sup>	1655
14	Кальций	мг/дм <sup>3</sup>	57,1
15	Магний	мг/дм <sup>3</sup>	100
16	Сульфаттар	мг/дм <sup>3</sup>	735,0
17	Хлоридтер	мг/дм <sup>3</sup>	95,0
18	Фосфаттар	мг/дм <sup>3</sup>	0,014
19	Жалпы фосфор	мг/дм <sup>3</sup>	0,023
20	Нитритті азот	мг/дм <sup>3</sup>	0,007
21	Нитратты азот	мг/дм <sup>3</sup>	0,51
22	Жалпы темір	мг/дм <sup>3</sup>	0,05
23	Аммоний ионы	мг/дм <sup>3</sup>	0,38



24	АББЗ /СББЗ	мг/дм <sup>3</sup>	0,04
25	Фенолдар	мг/дм <sup>3</sup>	0
26	Мұнай өнімдері	мг/дм <sup>3</sup>	0,05
27	Су деңгейі	м	3,35

**Анықтамалық бөлім**  
**Елді-мекен ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілген шоғырлары (ШЖШ)**

Қоспаның атауы	ШЖШ мәні, мг/м <sup>3</sup>		Қауіптілік класы
	максималды бір реттік (ШЖШ <sub>м</sub> )	орта-тәуліктік (ШЖШ <sub>о.т</sub> )	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азот оксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м <sup>3</sup>	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,5	0,15	3
PM 10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM 2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутек	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшән	-	0,0003	2
Озон (жербеті)	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртсутегі	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутек	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді-мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтер» (2022 жылғы 02 тамыздағы № ҚР ДСМ-70)

**Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау**

Градация	Атмосфералық ауаның ластануы	Көрсеткіштер	Айға бағалау
I	Төмен	СИ ЕЖҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19

III	Жоғары	СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖҚ, %	>10 >50

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қоғамдастығын ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667–2005 БҚ. Әзірлеуге, салуға, баяндауға және мазмұндауға қойылатын жалпы талаптар.

**Су пайдаланудың санаттары (түрлері) бойынша суды пайдалану  
класстарын саралау**

Суды пайдалану санаты (түрі)	Тазарту мақсаты/түрі	Суды пайдалану сыныптары				
		1 класс	2 класс	3 класс	4 класс	5 класс
Балық шаруашылығы	Албыртбалық	+	+	-	-	-
	Тұқыбалық	+	+	-	-	-
Шаруашылық ауыз сумен жабдықтау	Қарапайым су дайындау	+	+	-	-	-
	Дағдылы су дайындау	+	+	+	-	-
	Қарқынды су дайындау	+	+	+	+	-
Рекреация		+	+	+	-	-
Суару	Дайындықсыз	+	+	+	+	-
	Картада тұнбалау	+	+	+	+	+
Өнеркәсіптік:						
Технологиялық мақсатта, салқындату үрдісі		+	+	+	+	-
гидроэнергетика		+	+	+	+	+
Пайдалы қазбаларды өндіру		+	+	+	+	+
су көлігі		+	+	+	+	+

Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (ҚР АШМ СРК 09.11.2016 жылғы №151 бұйрығы)

**Радиациялық қауіпсіздік стандарты**

Нормаланған мәндер	Доза шектері
Тиімді доза	Халық
	Жылына орта есеппен алғанда 1 м <sup>3</sup> в кез келген 5 жыл ішінде 5 м <sup>3</sup> в аспайды

\* «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар»

**Топырақты ластаушы зиянды заттар шоғырларының шекті жол берілген (бұдан әрі - ШРШ) мөлшері**

Заттардың атауы	Шекті рұқсат етілген шоғыр (бұдан әрі - ШРШ) топырақта мг/кг
-----------------	--

---

Қорғасын (жалпы нысан)	32,0
Хром (жылжымалы нысан)	6,0

---

\* Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне арналған гигиеналық нормативтер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 21 сәуірдегі № КР ДСМ -32 бұйрығымен бекітілген

---

**«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМҚ  
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ФИЛИАЛЫ**

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:  
ТАРАЗ ҚАЛАСЫ  
ШЫМКЕНТ КӨШЕСІ 22  
ТЕЛ. 8-(7262)-31-60-81  
8-(7262)-56-80-51  
E MAIL: info\_zmb@meteo.kz**